

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам)  
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары  
2017 жылдың 19 қазаны 10 сағат 00 минут**

**Жиналыстың күн тәртібі:**

- 1) Қоғамның есеп комиссиясы туралы;
- 2) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі Гончаров Игорь Валерьевичтің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;
- 3) Қоғамның директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы;
- 4) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін төленетін сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері мен шарттарын белгілеу;

**1. Қоғамның есептеу комиссиясы туралы**

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36 бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 11-тарауының 11.1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне есептеу комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттігінің мерзімін белгілеу туралы мәселесі, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтату жатады.

Жұмыс істеп тұрған есептеу комиссиясының мүшесі Аяғанова Гүлнара Октябрьқызымен еңбек қатынастары тоқтатылуына байланысты оның уәкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату және Қоғамның есептеу комиссиясының жаңа мүшесі етіп Қоғамның корпоративтік хатшы қызметінің талдаушылары Ысқақов Шыңғыс Ғабитұлын Қоғамның есептеу комиссиясы үшін жалпы белгіленген өкілеттілік мерзіміне сайлау ұсынылады.

**Акционерлердің қарауына мынадай шешім енгізіледі:**

**1. Қоғамның есептеу комиссиясының мүшесі Аяғанова Гүлнара Октябрьқызының уәкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтату.**

**2. Қоғамның есептеу комиссиясының жаңа мүшесі етіп Ысқақов Шыңғыс Ғабитұлын Қоғамның есептеу комиссиясы үшін жалпы белгіленген өкілеттілік мерзіміне сайлау.**

**2. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі Гончаров Игорь Валерьевичтің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату**

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату жатады.

Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесінің жұмысына қатысудың мүмкін еместігіне байланысты директорлар кеңесінің мүшесі Гончаров Игорь Валерьевичтің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату ұсынылады.

**Акционерлердің қарауына мынадай шешім енгізіледі:**

**Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі Гончаров Игорь Валерьевичтің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату.**





### **3. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы**

2017 жылдың 29 тамызында Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысының 10.6-тармағына, 12.2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне «Қоғам Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы» мәселе енгізілді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес директорлар кеңесінің мүшелері директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалардың ішінен сайлана алады. 2017 жылғы 8 тамызда ірі акционер - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының ұсынысына сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі бос лауазымына ҚМГ ҰК-ның өндіру, барлау және мұнай сервисі жөніндегі атқарушы вице-президенті Карпушин Олег Вячеславовичтің кандидатурасы ұсынылды.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі туралы ереженің» (Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы 2007 жылғы 30 қазанда бекіткен) (бұдан әрі – Директорлар кеңесі туралы ереже) 3.8-тармағына сәйкес, акционерлер оларға күн тәртібіне директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарланған күннен бастап 15 күннің ішінде директорлар кеңесіне кандидаттарды енгізу туралы ұсыныстар енгізуіне болады.

Қоғамның басқа акционерлерінен Қоғамның директорлар кеңесіне кандидаттар ұсыну туралы ұсыныстар енгізілген жоқ.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату жатады. Осығай байланысты, акционерлердің жалпы жиналысына О.В. Карпушинді Қоғам директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау ұсынылады.

Кандидат туралы мәлімет (Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес) қоса беріліп отыр.

**Акционерлердің қарауына мынадай шешім енгізіледі:**

**Акционердің өкілі Карпушин Олег Вячеславович тұтастай алғанда Қоғам Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзіміне Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлансын.**

### **4. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін төленетін сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері мен шарттарын белгілеу**

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8) тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттемелерін орындағаны үшін төленетін сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері мен шарттарын белгілеу жатады.

Қоғамның директорлар кеңесінің бастамашылығымен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына Қоғамның тәуелсіз атқарушы емес директорларына (бұдан әрі - ТАД) сыйақы төлеу шарттарын қайта қарау туралы мәселе енгізіледі (20.09.2017ж. № 21 шешім).





ТАД-қа сыйақы төлеу соңғы рет 2010 жылы 7 жыл бұрын қаралған болатын. Ол кезде бұл мәселе жаңадан ТАД іздестіруге байланысты қайта қаралған еді және ол сәтте 2010 жылдағы жағдай бойынша сыйақы беру IPO басталғаннан бері 4 жыл бойы қайта қаралмаған. IPO сәтіне және 2010 жылы ТАД сыйақыларының мөлшері: ТАД Лондонның қор биржасындағы АДҚ листингіне байланысты елеулі реттеуші міндеттемелері бар болуы, сондай-ақ миноритарлық акционерлердің мүдделерін қорғау жөніндегі белгілі бір міндеттемелері бар болуы есебімен қалыптастырылды.

2010 жылдан бастап ТАД міндеттемелері (сондай-ақ уақыт шығындары): мажоритарлық акционерден бос айналыста тұрған акцияларды қайта сатып алу туралы 2014 жылы құлақтандырылған ұсынысы бойынша келісімге қол жеткізу мақсатында миноритарлық акционермен жұмыс жүргізудің; мұнайды ішкі нарыққа беруге арналған бағаларға қатысты 2015 жыл ішіндегі ұзақ мерзімді келіссөздер жүргізудің; 2016 жылы мажоритарлық акционердің тарапынан Өзара қарым-қатынастар туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасалуының нәтижесінде анағұрлым ұлғайды. Аталған елеулі фактілер ТАД-тың маңызды рөл атқаратынын және соңғы уақытта өз еркінен тыс қорғанушылық позиция ұстануға мәжбүр екенін көрсетеді. Ондай міндеттемелерді орындаудағы беделге зиян келтірілудің жоғары тәуекелі үшін айтарлықтай қаржылық көтермелеусіз ТАД рөліне көптеген кандидаттарды мұндай қызметтік міндеттемелерден бас тартқызады.

ТАД-қа жоғарыда аталған жағдайларға байланысты жұмыс көлемдерінің ұлғайғаны үшін, оның ішінде «Компания беретін шикі мұнайдың бағасы оның өзіндік құнына тең плюс 3%» деген ұстанымды қорғау жөніндегі жұмыс үшін және миноритарлық акционерлердің мүдделерін табысты қорғағаны үшін қосымша өтемақы төленген жоқ. ТАД Қоғамдағы қызметі мерзімінде миноритарлық акционерлердің көпшілігінің құрметіне ие болды және әлемдік баспасөзде Қазақстан Республикасындағы корпоративтік басқарудың тиімді қорғаушылары ретіндегі беделге ие болды. Олар Қоғамның құнды активі болып табылады.

#### Сыйақы жөніндегі жаңа ұсыныстың міндеттері

Қоса беріліп отырған сыйақы төлеу жоспары: а) директорлар кеңесінің тағайындаулар жөніндегі комитетінде төрағалық еткені үшін сыйақыны енгізуді; б) ТАД мәжілістерінің санын жылына 8-ден 40-қа ұлғайтуды; с) директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінде төрағалық еткені үшін сыйақыны ұлғайтуды көздейді.

Директорлар кеңесінің мүшелері – Қоғамның тәуелсіз директорларына сыйақы төлеудің мынадай қосымша мөлшерлері мен шарттарын белгілеу ұсынылады:

- 1) Тағайындаулар жөніндегі комитетте төрағалық ету – 2017 жылдың 23 мамырынан бастап жылына 25 мың АҚШ доллары;
- 2) тәуелсіз директорлар мәжілістерінің жалпы саны 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап жылына 40 мәжілістен аспауы тиіс.

Оған қоса, директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінде төрағалық еткені үшін сыйақыны 50 мың АҚШ долларына дейін ұлғайту ұсынылады.

Сондай-ақ, директорлар кеңесінің құрамындағы әр ТАД-қа 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі жұмыс үшін 50 мың АҚШ доллары мөлшерінде бір жолғы сыйақы төлеу ұсынылады.



**Акционерлердің қарауына мынадай шешім енгізіледі:**

**1. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларына сыйақы төлеудің мынадай қосымша мөлшерлері мен шарттары белгіленсін:**

**1) Тағайындаулар жөніндегі комитетте төрағалық ету – 2017 жылдың 23 мамырынан бастап жылына 25 мың АҚШ доллары;**

**2) тәуелсіз директорлар мәжілістерінің жалпы саны 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап жылына 40 мәжілістен аспауы тиіс.**

**2. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2017 жылғы 23 мамырдағы шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:**

**13 мәселенің 1-тармағының 3) тармақшасындағы «25» саны «50» санымен ауыстырылсын.**

**3. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның директорлар кеңесінің құрамына кірген директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға 50 000 (елу мың) АҚШ доллары мөлшерінде бір жолғы сыйақы төлеу жүргізілсін.**

**4. Директорлар кеңесінің төрағасы мен Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.**

### *Шешімдердің аяқталуы*

Неғұрлым егжей-тегжейлі ақпараттарды Сіздер Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 507 кабинет мекен-жайы бойынша «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы офисінде 9 сағат 00 минуттан 18 сағат 30 минутқа дейін, сондай-ақ Қоғамның [www.kmger.kz](http://www.kmger.kz) веб-сайтында алуларыңызға болады.





«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (Қоғам)  
директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:  
Карпушин Олег Вячеславович, 08.04.1968.
- 2) «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өкілі.
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: Жоқ  
(2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай).
- 4) Білімі туралы мәлімет:  
1985-1993 жылдар – Мемлекеттік мұнай және газ академиясы, ГГГиГ, өнеркәсіптік геология кафедрасы. Тау-кен инженер-геологы, ШВ №247533 (РФ, Мәскеу қ.).  
2012-2013 жылдар - Дьюк университеті, Фьюкуа Бизнес мектебі. Іскерлік Әкімшілдеу шебері (МВА) (АҚШ, Солтүстік Каролина, Дурхам қ.).
- 5) Қоғамға аффилиирлену туралы мәлімет: Қоғамның лауазымды тұлғасы болып табылмайды және Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының лауазымды тұлғасы болып табылмайды.
- 6) Кандидаттың соңғы үш жылда жасаған жұмыс орындары, атқарған қызметтері, сондай-ақ соңғы бес жылдың ішінде басқа да заңды тұлғалардың басқару органдарындағы лауазымдары туралы мәліметтер:  
Маусым, 2017 – осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның өндіру, барлау және мұнай сервисі жөніндегі атқарушы вице-президенті.  
Қыркүйек, 2015 – Қаңтар, 2017 – Басқарма төрағасының орынбасары – өндіріс жөніндегі директор, «НОВАТЭК» КАҚ.  
Шілде, 2015 – Қыркүйек, 2015 – Аға кеңесші, Shell International exploration and Production B.V.  
Сәуір, 2015 – Шілде, 2015 – Стратегиялық жоспарлау жөніндегі кеңесші, Shell Exploration and Production Services B.V.  
Сәуір, 2013 – Сәуір, 2015 – Бас директор, «Салым Петролеум Девелопмент Н.В.» компаниясы.
- 7) Кандидаттың Қоғамның аффилиирленген тұлғалары мен қарсы агенттеріне қатыстылығы туралы мәліметтер: Қоғамға қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайды.
- 8) Мерзімі өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен шешілмеген сотталу туралы мәліметтер: Жоқ.
- 9) Кандидаттың Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәліметтер: Келіседі.



- 10) Кандидаттың аффилиирленген тұлғалары туралы ақпарат:  
Анасы – Карпушина Ирина Александровна (02.05.1946)  
Әйелі – Ефремова Наталья Владимировна (19.08.1979)  
Ұлы – Карпушин Виктор Олегович (14.08.1995)  
Ұлы – Карпушин Артем Олегович (25.05.2011)  
Қызы – Карпушина Мария Олеговна (06.05.2013)

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндіру,  
барлау және мұнай сервисі жөніндегі  
атқарушы вице-президенті**

**О. Карпушин**

